

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгр Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық байланыстар туралы Келісім

Келісім 1992 жылғы 26 маусым Будапешт қаласы

Бұдан былай Уағдаласушы Жақтар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгр Республикасының Үкіметі,

- Қазақстан Республикасы мен Венгр Республикасы арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың маңыздылығын түсіне отырып,
- екі ел арасындағы өзара тиімді, жан-жақты қатынастар жасалуына жәрдемдесу н и е т і н д е ,

- Қазақстан Республикасының экономикасы мен Венгр Республикасының экономикасын әлемдік шаруашылық қатынастарға, ең алдымен еуропалық экономикалық құрылымдарға бірте-бірте интеграциялауға ұмтыла отырып,

- өзара экономикалық байланыстарды жүзеге асыру кезінде тең құқылық, өзара тиімділік және халықаралық құқы өлшемінің принциптерін басшылыққа ала отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Уағдаласушы Жақтар екі ел арасындағы ұзақ мерзімді және тұрақты сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін қажетті барлық шараларды қолданады және осы мақсат үшін тиісті қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

Уағдаласушы Жақтар бұдан былай Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысының заңдарына сәйкес субъектілер деп аталатын екі елдің сыртқы-экономикалық байланыстарына қатысушылар арасындағы өзара экономикалық және сауда қатынастарын дамытуға жәрдемдесетін болады.

2-бап

Уағдаласушы Жақтар екі ел арасындағы сауданы жеңілдету мақсатында бір-біріне өзара мейлінше қолайлы режим, ал кез келген үшінші елге Уағдаласушы Жақтар қолданатындағыдан еш кем түспейтін қолайлы режим туғызып отырады.

3-бап

Осы Келісімнің 2-бабының ережелері мына төмендегі артықшылықтарға қ о л д а н ы л м а й д ы :

- а/ Уағдаласушы Жақтардың бірінің шекара бойындағы сауданы жеңілдету мақсатында басқа көрші елдерге беретін немесе беруі мүмкін артықшылықтары,
- б/ Уағдаласушы Жақтардың қайсысының болса да еркін сауда аймақтарына,

кедендік одақтарға немесе басқа да аймақтық келісімдерге қатысуы нәтижесінде беретін немесе беруі мүмкін артықшылықтары.

4 - б а п

Тауарлар беру мен қызметтер көрсету, бір жағынан, Қазақстан Республикасының субъектілері, ал екінші жағынан Венгр Республикасының субъектілері арасында жасасылған шарттар негізінде жүзеге асырылатын болады.

5 - б а п

Субъектілер есеп айырысуды және өтемдер төлеуді еркін конвертирленетін валюта (СКВ) арқылы жүзеге асырады, бұл үшін халықаралық саудада және қаржы практикасында қабылданылған ағымдағы әлемдік бағалар мен шарттарды қолданады.

Осы Келісім бойынша есеп айырысу екі жақтың келісуіне қарай халықаралық кез келген банк тәжірибесінде көзделген формада жүзеге асырыла алады.

6 - б а п

Уағдаласушы Жақтардың өкілетті банкілері осы Келісімге қол қойылғаннан кейін екі ай ішінде осы Келісімнен туындайтын операцияларды банкі тұрғысынан қамтамасыз етудің қажетті техникалық ретін келісіп алып, белгілейді. Банкілер осы мақсат үшін банкі аралық келісім жасасады.

7 - б а п

Уағдаласушы Жақтар екі жаққа бірдей мүдделілік негізінде Будапешт қаласы мен Алматы қаласында Сауда Өкілдіктерін ашуға уағдаласты.

Уағдаласушы Жақтар Өкілдіктің ашылуы және оның қызмет істеуінің негізгі шарттары туралы Хаттамаға қол қояды.

Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысы өз елдерінің заңдарына сәйкес өз елінің территориясында екі ел арасында сауда-экономикалық қызметпен айналысатын фирмалар, кәсіпорындар және ұйымдар өкілдіктерін құру ісінде бір-біріне жәрдемдесіп отырады, қалыпты жұмыс жүргізілуіне қажетті жағдайлар туғызады.

8-бап

Уағдаласушы Жақтар екі жақты ынтымақтастықты кеңейту және дамыту мақсатында елдердің әрқайсысында жәрменкелер өткізуге, көрмелер ұйымдастыруға көмектесіп отырады және өзара сауда делегацияларын алмасуға жәрдемдеседі.

9-бап

Уағдаласушы Жақтар Қазақстан Республикасы мен Венгр Республикасының облыстары мен кәсіпорындары арасында тікелей байланыстар орнатуға қолайлы жағдайлар жасайды.

10-бап

Уағдаласушы Жақтардың Өкілетті өкілдері екі жақтың бірінің ұсынысы бойынша осы Келісімнің орындалуы барысын қарау үшін кезектесіп Алматыда және Будапештте кездесу өткізіп отыратын болады.

11-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдану мәселелері Уағдаласушы Жақтар арасында келіссөз жүргізу жолымен шешіліп отыратын болады. Осы Келісімге Уағдаласушы Жақтардың келісуімен өзгертулер немесе толықтырулар енгізіле алады.

12-бап

Бұл Келісім өзіне қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Уағдаласушы Жақтардың бірі оның күшін тоқтатпақшы ниеті бар екені туралы алдын ала кемінде алты ай бұрын жазбаша түрде хабардар еткенге дейін күшінде болады. Бұл Келісімнің күші тоқтатылған күнде оның ережелері осы Келісім күшінде болған кезеңде жасасылған барлық шарттар жөніндегі міндеттемелер толық орындалғанға дейін сол шарттарға қолданыла береді.

Түпнұсқа екі дана етіп, әрқайсысы қазақ, орыс және венгр тілдерінде Будапешт қаласында 1992 жылы 26 маусымда жасалды, текстердің бәрінің де күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіру, қолдану немесе орындау жөнінде Уағдаласушы Жақтардың арасында пікір алшақтығы туған күнде екі жақ Келісімнің орысша текстіне жүгінетін болады.

(Қолдары)

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.